



# «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»

3 сынып

Өткізген:

2022-2023 оқу жылы

Бекітілді \_\_\_\_\_

Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

<b>Тәрбие сағаты</b>	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	
<b>Күні</b>	01.09.2023	
<b>Класс жетекші:</b>		
<b>Класс:</b>	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
<b>Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)</b>		
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Тіл байлығын молайту, өз ойын жеткізу, қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін дамыту.	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>		
<b>Ресімдеу</b>	Слайд, презентация	
<b>Музыкалық және бейне көркемдеу</b>	интерактивті тақта, слайд	
<b>Үлестірмелі материалдар</b>	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
<b>Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер</b>	Презентация	
<b>Дайындыққа арналған әдебиет</b>	Интернет материалдары	
<b>Сабақтың барысы</b>		

<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Мұғалім әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>	<b>Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары</b>
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	<p>Қазақстан Республикасының гимні орындалады. (аудиозапис қосылады.)</p> <p>Гимннің сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов.</p> <p>Бір шаңырақ астында, Қазақстанда тұрамыз. Бірге сайран құрамыз, Бір үйде біз тұрамыз. Құт, береке - шаңырақ,</p>	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	презентация

	<p><i>Орын алған ол төрде.</i></p> <p><i>Билігім өз қолымда-</i></p> <p><i>Еркіндігім- Елімнің!</i></p> <p><i>Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін гимні, туы, елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп атаймыз. Осы рәміздер туралы жеке-жеке түсінік беріп өтейін.</i></p> <p><i>- Мынау – біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды. Көк аспандай көгілдір, ортасында күн, астында бүркіт ұшып келе жатыр.</i></p> <p><i>- Мынау – елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, қос пырақ, бес бұрышты жұлдыз, «Қазақстан» деген жазу бар.</i></p> <p><i>- Балалар, біздің Отанымыздың астанасы қай қала ?</i></p> <p><i>- Нұрсұлтан қаласы</i></p> <p><i>- Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз,</i></p> <p><i>Астанамыз Нұрсұлтан – бас қаламыз.</i></p>		
<p><i>Сабақ басы (13 мин)</i></p>	<p><i>- Балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерімізді үлкен де, кіші құрметтеп жоғары ұстауы тиіс. Ал әнұранды біз білеміз. Сендер елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиіссіңдер. Қазақстан республикасының рәміздері туралы кім тақпақ біледі?</i></p> <p><i>Көк туымыз бетінде, Қыран бүркіт қанатты. Сол қырандай еркіндеп, Біз өсеміз талапты.</i></p> <p><i>Айнымайды аспаннан, Біздің тудың бояуы. Оны халық қашанда, Биікке іліп қояды.</i></p> <p><i>Елтаңбасы елімнің, Қандай әйбат әдемі Тұнығындай көңілдің, Ортада аспан әлемі</i></p> <p><i>Құт береке шаңырақ, Орын алған ол төрден. Қанатты қос арғымақ, Екі жақтан көмкерген.</i></p>		<p><i>презентация</i></p>

	<p>- Біз Қазақстанда тұрамыз, демек, Отанымыз - Қазақстан. Халқымызда « Отан отбасынан басталады» деген мақал бар. Сендер үлкен болып өскенде Отанымызды қорғайтын азамат боласыңдар.</p>		
<p>Ортасы (20 мин)</p>	<p><b>Сұрақ – жауап ойыны. Шарты:</b> Байтеректің суретін сұраққа жауап беру арқылы құрастыру.</p> <p>- Отан деген не? Қалай түсінесіңдер?(Отан деген менің үйім,туған жерім. Менің жүрегім Отан деп соғады.)</p> <p>Отан деген –Атамекен,  Отан деген – Туған жер.  Отан – ана, Отан –үлкен,  Қазақстан – туған ел.</p> <p>-Балалар тақтада қандай сурет бейнеленген?</p>  <p>-Байтерек қай қаламызда орналасқан? (Нұрсұлтан)</p>		<p>презентация</p>
<p>Соңы</p>	<p>-Балалар, сендер отан туралы жан – жақты білетіндеріңді көрсеттіңдер.Енді Отан туралы мақал-мәтел айтайық.</p> <p>Отан – оттанда ыстық,  Отан – елдің анасы,  Ел – ердің анасы.  Туған елдей ел болмас,  Туған жердей жер болмас.</p> <p>- Міне, балалар, өміріміздің жалғасы,еліміздің қорғаны,</p>		<p>презентация</p>

*тірегі болыңдар.*

*Абай атамыз айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге,  
кетігін тапта ,бар қалан» деп, бүгінгі бүлдіршін  
балаларымыз сендер қоғамымызға кірпіш болып қалана  
берсін деген тілекпен тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.*